

Жаңалықтар

2025-2026 оқу жылының оқу-әдістемелік жоспарына сәйкес «Қаржы, есеп және аудит» БББТ аға оқытушылары, қауымдастырылған профессор, PhD докторы Токенова С.М. мен э.ғ.к. Кеңес Г.К. ақпан айының 24-25 күндері университет деңгейінде ашық тәжірибелік сабақтар өткізді.

2026 жылғы 24 ақпанда «ХҚЕС-ке кіріспе» пәні бойынша 07-045-24-10 тобының 2-курс білім алушыларына арналған ашық сабақты аға оқытушы Токенова С.М. динамикалық әрі зияткерлік тұрғыдан мазмұнды форматта өтіп, есеп және қаржы бағыты пәндерін оқытудың заманауи тәсілін көрсетті. Сабақ барысында білім алушылар Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) негізгі тұжырымдамаларымен танысып қана қоймай, жаһандық экономика жағдайындағы ХҚЕС-тің практикалық маңыздылығын талқылауға белсенді қатысты.

Оқу материалы жүйелі, құрылымдалған және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде ұсынылды. Теориялық қағидалар нақты кәсіби тәжірибеден алынған мысалдармен тиімді үйлестіріліп, білім алушылардың қарастырылған тақырыптарды тұтас түсінуіне мүмкіндік берді. Аналитикалық ойлауды, кәсіби пайымдауды және стандарттарды қолданбалы жағдайларда қолдану қабілетін дамытуға ерекше назар аударылды.

Оқытушы интерактивті оқыту әдістерін, проблемалық талдау элементтерін және диалогтық өзара әрекеттесу формаларын тиімді пайдаланды, бұл аудиторияның жоғары оқу белсенділігін қамтамасыз етті. Сабақ нақты ұйымдастырылуымен, академиялық жүйелілігімен және нәтижелі жұмыс атмосферасымен ерекшеленді.

2026 жылғы 25 ақпанда «Ақша, несие, банктер» пәні бойынша 07-046-24-12 тобының 2-курс білім алушыларына аға оқытушы Кеңес Г.К. өткізген ашық практикалық сабақ барысында Т-кестесі, Венн диаграммасы, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Қос шеңбер, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Жигсо, Крокодил ойыны және тағы басқалар сияқты сабақ өткізудің интерактивті әдіс-тәсілдері қолданылды.

Ашық сабақ оқытушының жоғары педагогикалық шеберлігін, пән мазмұнын терең меңгергендігін және білім алушылардың Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, ҚР банк және несие жүйесіне, банк жүйесін цифрландыруға тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыру қабілеттерін айқын көрсетті.

Бұндай ашық сабақтарды өткізіп отыру - **академиялық сапаны арттырудың және педагогикалық рефлексияның құралы.** Оқыту сапасын арттыру, әдістемелік тәжірибені жетілдіру және академиялық ортада кәсіби диалог қалыптастыру, сонымен қатар, әдістемелік тәсілдерді әріптестермен бөлісу, үздік практикаларды тарату, интерактивті әдістерді демонстрациялау, оқытушының әдістемелік деңгейін көрсету, инновациялық оқыту

технологияларын апробациялау, шетелдік тағылымдамалардың нәтижесін көрсету және оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында жүргізіледі.



